

Жезқазған қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 13 ақпандағы № 15/84 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 16 ақпанда № 94-20 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 39/224 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 26.12.2025 № 39/224 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жезқазған қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 пайыздан 2 пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Жезқазған қалалық мәслихатының төрағасы

Р. Капарова